

**Биологиялық қауіпсіздік саласындағы кадрларды кәсіптік даярлаудың, қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың үлгілік бағдарламасын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 133 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2023 жылғы 29 наурызда № 32141 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы З-тармағының 6) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған биологиялық қауіпсіздік саласындағы кадрларды кәсіптік даярлаудың, қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың үлгілік бағдарламасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Зан департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа

Қазақстан Республикасының  
Ғылым және жоғары білім  
министрі

C. Нұрбек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сактау министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Ғылым және жоғары  
білім министрі  
2023 жылғы 28 наурыздағы

**Биологиялық қауіпсіздік саласындағы кадрларды көсіптік даярлаудың, қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың үлгілік бағдарламасы**

**1-тарау. Пәндердің тізбесі мен мазмұны**

<b>Пәннің атаяуы</b>	<b>Биологиялық қауіпсіздік және биологиялық қорғау мәселелері бойынша деңсаулық сақтау саласындағы құқықтық реттеу</b>
Пәннің мазмұны	Патогенді микроорганизмдермен жұмыс істей кезінде Қазақстан Республикасының деңсаулық сақтау саласындағы биологиялық қауіпсіздік және биологиялық қорғау жөніндегі заңнамасының негіздері. Еңбекті ұйымдастыру, функционалдық міндеттер. Әкімшілік және ұйымдастырушулық іс-шаралары: саясат, стандарттар мен басшылық принциптері, журналдар, стандартты операциялық рәсімдерді (бұдан әрі - СОР), хаттамалар.
Оқыту нәтижелері	Патогенді микроорганизмдермен жұмыс істей кезінде Қазақстан Республикасының деңсаулық сақтау саласындағы биологиялық қауіпсіздік және биологиялық қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық актілермен жұмыс істеге қабілетті. Ұйымның қызметін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды тиісті түрде жүргізуге және дайындауға қабілетті.
Пәннің атаяуы	Биологиялық қауіпсіздік және биологиялық қорғау, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, алғашқы көмек көрсету
	Зертханага және биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған жабдыққа қойылатын жобалау, инженерлік-техникалық талаптар (зертханалық үй-жайларды аймақтарға бөлу және өндөу, ауаны сұзу, жабдыққа техникалық қызмет көрсету, биоқауіпсіздік шкафттары, автоклавтар, жабдықтың жұмысына арналған құжаттама). Микроорганизмдерді патогенділік топтары бойынша жіктеу және I-IV топтағы микроорганизмдермен жұмыс істей үшін зертханаларды авторизациялау (рұқсат беру құжаттары, биоқауіпсіздік жөніндегі бағдарлама, құжаттамаға қойылатын талаптар, СОР әзірлеу және орындау). Патогендерді және (немесе) материалдарды есепке алу және олардың қозғалысы, сақтауға қойылатын талаптар, тасымалдау шарттары, материалдарды жөнелту кезінде ресімдеу, патогенді биологиялық агенттерді жою. А, Б, В, Г сыныптарындағы медициналық қалдықтарды зарарсыздандыру мен кәдеге жаратуға қойылатын

Пәннің мазмұны

талаптар. Жеке қорғану құралдары (бұдан әрі - ЖҚҚ): аса қауіпті инфекциялар қоздырыштарынан корғау үшін персонал киетін киім және тыныс алу құрылғылары. Зертханаларда ЖҚҚ пайдалану. Зертханаларды физикалық корғау және персоналды басқару. Биологиялық тәуекелдерді басқару: биологиялық тәуекел үғымы, биологиялық тәуекелді бағалау, биологиялық тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар, биологиялық қауіпсіздік тиімділігін бағалау, биологиялық тәуекелдерді ауыстыру немесе алып тастау, жол берілетін биологиялық тәуекел, биологиялық тәуекелдерді алдын алу. Биоқауіпсіздіктің халықаралық стандарттары: зертханалардың биоқауіпсіздік деңгейлері, микроорганизмдердің қауіп топтары, зертханалар мен қызметкерлерге қойылатын талаптар.

Биоқауіпсіздіктің ішкі және сыртқы бағалау, үйымдағы биоқауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылау. Алғашқы көмек көрсету. КР СТ ISO 35001-2020 "Зертханалар мен басқа да аралас үйымдар үшін биотәуекелдерді басқару". Биологиялық қауіпсіздік бокстарында қауіпсіз жұмыс істеу және ЖҚҚ қолдану. Авария кезінде жедел ден қою шаралары.

Оқыту нәтижелері

Жобалау, зертханаға және биологиялық қауіпсіздіктің қамтамасыз етуге арналған жабдықтарға қойылатын инженерлік-техникалық талаптар мәселесі бойынша білімі бар. Микроорганизмдерді патогенділік топтары бойынша жіктеуді және I-IV топтағы микроорганизмдермен жұмыс істеу үшін зертханаларды авторландыруды біледі (рұқсат беру құжаттары, биоқауіпсіздік жөніндегі бағдарлама, құжаттамаға қойылатын талаптар, СОР әзірлеу және орындау). Патогендердің және (немесе) материалдардың есебін және қозғалысын, сақтауға қойылатын талаптарды, тасымалдау шарттарын, материалдарды жөнелту кезінде ресімдеуді, патогенді биологиялық агенттерді жоюды біледі. А, Б, В, Г сыныптарындағы медициналық қалдықтарды залалсыздандыру және кәдеге жаратуға қойылатын талаптарды біледі, өткір және тесетін медициналық қалдықтармен қалай жұмыс істеу керектігін біледі. ЖҚҚ қолдануды біледі. Зертхананың физикалық корғау білімін мәнгереді. Биологиялық тәуекелдерді басқару бойынша білімі бар: биологиялық тәуекел түсінігі, биологиялық тәуекелдерді бағалау, биологиялық тәуекелдерді азайту бойынша іс-шаралар, биологиялық қауіпсіздік тиімділігін бағалау, биологиялық тәуекелдерді ауыстыру немесе алып тастау, жол берілетін биологиялық тәуекел, биологиялық тәуекелдерің алдын алу. Биологиялық қауіпсіздіктің халықаралық

	<p>стандарттарын біледі. Биокауіпсіздікті ішкі және сыртқы бағалау, ұйымдағы биокауіпсіздік талаптарын сактау мониторингі туралы білімді менгерген. ЖҚҚ пайдалануды біледі. Алғашқы көмек көрсетуді біледі. КР СТ ISO 35001 - 2020 "Зертханалар мен басқа да аралас ұйымдар үшін биотәуекелдерді басқару" біледі. Биологиялық қауіпсіздік бокстарында қауіпсіз жұмыс істеу және ЖҚҚ колдану туралы біледі. Апат кезінде жедел әрекет ету шараларын біледі. Виварийлерде ЖҚҚ пайдалану білімдері бар.</p>
Пәннің атаяуы	Патогендігі I-II топтардағы аса қауіпті инфекциялардың эпидемиологиясы және микробиологиясы
Пәннің мазмұны	<p>Аса қауіпті инфекцияларға эпидемиологиялық мониторинг жүргізу жөніндегі іс-шаралар жүйесі. Аса қауіпті инфекциялардың табиғи ошақтарында эпизоотологиялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу. Аса қауіпті инфекцияның спецификалық және спецификалық емес профилактикасы: оба, туляремия, сібір жарасы, бруцеллез, тырысқақ. Аса қауіпті инфекция ошақтарында іс-шаралар кешенін ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын эпидемияға қарсы талаптар. Обаның табиғи ошақтарын паспорттау. Аса қауіпті инфекциялармен жұмыс істеу кезінде дезинфекция, дезинсекция, дератизация. Тасымалдаушылар мен тасымалдаушылардың таксономиясы және экологиясы. Қоғамдық денсаулық сактаудағы төтенше жағдай (ТЖ) кезіндегі эпидемиологиялық іс-шаралар, карантиндік және шектеу іс-шараларын енгізу үшін айғақтар. Ведомствоаралық жедел кешенде іс-шаралар жоспарын әзірлеу, жағдайлар туралы хабардар ету схемасын айқындау, медициналық ұйымдардың науқастарды қабылдауға дайындығын бағалау, төсек қорының қажетті көлемін, қарқынды терапия көрсетуге арналған дәрілік препараттардың, жабдықтар мен құралдардың, дезинфекциялық препараттар мен ЖҚҚ резервін құру, халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу. ТЖ жағдайында медициналық құралымдар (инфекциялық госпиталь, провизорлық госпиталь, изолатор). Аса қауіпті инфекция анықталған жағдайда медициналық мекемелердің кешенде жоспары мен жедел жоспары. Аумақты санитариялық қорғау.</p> <p>Науқастан материалды алу және материалды орау тәртібі. Биологиялық материалды зертханаға тасымалдау, құжаттама әзірлеу. Обаның, туляремияның, күйдіргінің, бруцеллездің, тырысқақтың, зоонозды инфекциялардың (иерсиниоз, листериоз, пастереллез, псевдотуберкулез) микробиологиясы және</p>

	<p>зертханалық диагностикасы. Биологиялық агенттерді индикациялау схемасы, экспресс және жеделдетілген диагностикалық әдістер.</p>
Оқыту нәтижелері	<p>Аса қауіпті инфекциялардың эпидемиологиялық мониторингі бойынша іс-шаралар жүйесін біледі. Аса қауіпті инфекциялардың табиги ошақтарында эпизоотологиялық іс-шаралардың ұйымдастырылуын және жүргізуін біледі. Аса қауіпті инфекцияның спецификалық және спецификалық емес профилактикасын біледі: оба, туляремия, сібір жарасы, бруцеллез, тырысқақ. Аса қауіпті инфекция ошақтарында іс-шаралар кешенін ұйымдастыру мен өткізуге қойылатын эпидемияга қарсы талаптарды біледі. Обаның табиги ошақтарын паспорттауды біледі. Аса қауіпті инфекциялармен жұмыс істей кезінде дезинфекция, дезинсекция, дератизация білімдеріне ие. Тасымалдаушылар мен тасымалдаушылардың жүйеленуі мен экологиясын біледі. Қоғамдық денсаулық сактаудағы ТЖ кезіндегі эпидемиологиялық іс-шараларды, карантиндік және шектеу іс-шараларын енгізу үшін айғақтарды біледі. Ведомствоаралық жедел кешенде іс-шаралар жоспарларын әзірлеу, жағдайлар туралы хабардар ету схемасын айқындау, медициналық ұйымдардың науқастарды қабылдауға дайындығын бағалау, төсек корының қажетті көлемін, қарқынды терапия көрсетуге арналған дәрілік препараттардың, жабдықтар мен құралдардың, дезинфекциялық препараттар мен ЖҚҚ резервін құру, халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізу бойынша білімдеріне ие. Аумақты санитариялық қорғау туралы білімі бар.</p> <p>Науқастан материал алу және материалды буып-тую , биологиялық материалды зертханаға тасымалдау тәртібін, құжаттаманы әзірлеуді біледі. Обаның, туляремияның, күйдіргінің, бруцеллездің, тырысқақтың, зоонозды инфекциялардың ( иерсиниоз, листериоз, пастереллез, псевдотуберкулез) микробиологиясын және зертханалық диагностикасын біледі.</p>
Пәннің атаяуы	<p>Патогендігі II топтардағы аса қауіпті инфекциялардың эпидемиологиясы және микробиологиясы</p>
	<p>Қазақстан Республикасындағы инфекциялық ауруларға эпидемиологиялық мониторинг жүргізу жөніндегі іс-шаралар жүйесі. Инфекциялық аурулардың табиги ошақтарында эпизоотологиялық іс-шаралар жүргізу. Инфекциялық аурулардың, оның ішінде туляремия, күйдіргі, бруцеллез, тырысқақты алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық ) іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық</p>

Пәннің мазмұны

талаптар. Аса қауіпті инфекция ошактарында іс-шаралар кешенін ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын эпидемияға қарсы талаптар. Қоғамдық денсаулық сактаудағы ТЖ кезіндегі эпидемиологиялық іс-шаралар. ТЖ жағдайында медициналық құралымдар (инфекциялық госпиталь, провизорлық госпиталь, изолятор).

Науқастан материалды алу тәртібі, буып-тую, таңбалау. Биологиялық материалды зертханаға тасымалдау, құжаттаманы әзірлеу.

Туляремияның, күйдіргінің, бруцеллездің, тырысқақтың, зоонозды инфекциялардың (иерсиниоз, листериоз, пастереллез, псевдотуберкулез), жіті ішек және вирустық аурулардың микробиологиясы және зертханалық диагностикасы. Биологиялық агенттерді индикациялау схемасы, экспресс және жеделдетілген диагностикалық әдістер. Инфекциялық ауруларды зертханалық диагностикалаудың әдістері мен техникасы: бактериологиялық, иммунологиялық, биологиялық зерттеулер және полимеразды тізбекті реакция.

Оқыту нәтижелері

Қазақстан Республикасындағы жұқпалы аурулардың эпидемиологиялық мониторингі бойынша іс-шаралар жүйесін біледі. Жұқпалы аурулардың табиги ошактарында эпизоотологиялық іс-шаралардың жүргізуін біледі. Жұқпалы аурулардың, оның ішінде туляремия, күйдіргі, бруцеллез, тырысқақты алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды біледі. Аса қауіпті инфекция ошактарында іс-шаралар кешенін ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын эпидемияға қарсы талаптарды біледі. Қоғамдық денсаулық сактаудағы ТЖ кезіндегі эпидемиологиялық іс-шараларды біледі. ТЖ жағдайында (инфекциялық госпиталь, провизорлық госпиталь, изолятор) медициналық құралымды біледі.

Науқастан материалды алу, буып-тую, таңбалау білімдеріне ие. Зертханаға биологиялық материалды тасымалдау тәртібін, құжаттаманы әзірлеуді біледі.

Туляремияның, күйдіргінің, бруцеллездің, тырысқақтың, зоонозды инфекциялардың (иерсиниоз, листериоз, пастереллез, псевдотуберкулез), жіті ішек және вирустық аурулардың микробиологиясын және зертханалық диагностикасын біледі. Биологиялық агенттерді индикациялау схемасын, экспресс және диагностиканың жеделдетілген әдістерін біледі. Инфекциялық ауруларды зертханалық

	диагностикалау әдістері мен техникасын біледі: бактериологиялық, иммунологиялық, биологиялық зерттеулер және полимеразды тізбекті реакция.
Пәннің атаяуы	Аса қауіпті инфекциялардың зертханалық диагностикасы (практикалық сабактар)
Пәннің мазмұны	Жұқпалы аурулардың бактериологиялық және серологиялық диагностикасының әдістері мен техникасы, микроскопия, молекулалық-биологиялық диагностика. Биологиялық сынамаларды (зертханалық жануарларды) пайдалана отырып, инфекциялық ауруларды диагностикалаудың әдістері мен техникасы. Оба, туляремия, күйдіргі, бруцеллез, тырысқақ және зоонозды инфекцияларға (иерсиниоз, листериоз, пастереллез, псевдотуберкулез) зертханалық диагностика схемасы. Биологиялық агенттердің индикациясы, экспресс және жедел аныктау әдістері. Коректік орта және олардың көрсеткіштері. Зертханадағы өндірістік бақылау мәселелері.
Оқыту нәтижелері	Инфекциялық аурулардың бактериологиялық және серологиялық диагностикасының, микроскопияның, молекулярлық-биологиялық диагностиканың әдістері мен техникасын біледі. Биологиялық сынамаларды (зертханалық жануарларды) пайдалана отырып, инфекциялық ауруларды диагностикалаудың әдістері мен техникасын біледі. Оба, туляремия, сібір жарасы, бруцеллез, тырысқақ және зоонозды жүқпаларды (иерсиниоз, листериоз, пастереллез, псевдотуберкулез) зертханалық диагностикалау сызбасын біледі. Биологиялық агенттердің индикациясы, экспресс және жеделдетілген детекция әдістері туралы білімдері бар. Коректік орта және олардың индикаторлары туралы білімі бар. Зертханада өндірістік бақылау мәселелері бойынша білімді менгерген.
Пәннің атаяуы	Патогендігі I-II топтардағы аса қауіпті инфекциялардың эпизоотологиясы, далалық биоқауіпсіздік
	Эпизоотология негіздері. Паразитология негіздері. Тасымалдаушылардың жүйеленуі. Зоологиялық номенклатураның негіздері. Оба қоздырғышының тасымалдаушыларына сипаттама. Морфологиялық және физиологиялық ерекшеліктері, тасымалдаушылардың жалпы экологиясы. Жеке экология: құмтышқандар, сарышұнақтар, егеуқүйрыктар, тышқан тәрізді сұырлар. Паразитология экологиялық ғылым ретінде. Негізгі терминдер мен ұғымдар. Бұынайқтылар – трансмиссивті инфекциялардың тасымалдаушылары, олардың трансмиссивті ауруларды сактаудағы және таратудағы маңызы. Инфекцияның берілу тетіктері. Бұргелер мен кенелер - табиги ошақтық

Пәннің мазмұны	<p>трансмиссивті аурулардың тасымалдаушысы. Буынақтылар жүйесіндегі бүргелердің жағдайы. Морфология, ішкі құрылым, тамактану ерекшеліктері, бүргелердің көбеюі және дамуы. Бүргелер экологиясы. Оба микробын (гипотезаны) және басқа да табиғи ошақтық инфекцияларды сақтаудағы бүргелердің рөлі. Кенелер. Буынақтылар жүйесіндегі кенелердің орны. Сыртқы және ішкі құрылымы, тамактану, көбею, даму ерекшеліктері, өмірлік циклдер. Географиялық таралуы және ландшафттық орайласуы. Кенелердің медициналық маңызы.</p> <p>Аса қауіпті инфекциялардың табиғи ошақтарында жұмыс істеу кезінде биоқауіпсіздік және биоқорғаныс аспектілерін игеру. Биологиялық тәуекелдерді бағалау. ЖҚҚ. Сұтқоректілерден, құстардан, эктопаразиттерден ықтимал биологиялық қауіпті материалды жинау, оны буып-түю, сақтау, зертханаға тасымалдау. Биологиялық қалдықтарды басқару. Дезинфекция. Жыртқыш құстардың саңғырықтарынан биологиялық материал жинау, топырақтан, судан сынама алу.</p>
Оқыту нәтижелері	<p>Эпизоотология, паразитология, зоологиялық номенклатураның негіздерін біледі. Оба қоздырғышы тасымалдаушыларының сипаттамасын біледі. Морфологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін, тасымалдаушылардың жалпы экологиясын біледі.</p> <p>Аса қауіпті инфекциялардың табиғи ошақтарында жұмыс істеу кезінде биоқауіпсіздік және биоқорғаныс аспектілерін менгерген. Биологиялық тәуекелдерді бағалауды біледі. ЖҚҚ пайдалану дағдыларын менгерген. Сұтқоректілерден, құстардан, эктопаразиттерден ықтимал биологиялық қауіпті материалды жинау, оны буып-түю, сақтау, зертханаға тасымалдау туралы біледі. Биологиялық қалдықтарды басқаруды біледі. Дезинфекцияның негіздерін біледі. Жыртқыш құстардың саңғырықтарынан биологиялық материал жинау, топырақтан, судан сынама алушы біледі.</p>
Пәннің атаяуы	<p>Дезинфекциялық іс</p> <p>Дезинфекция, дезинсекция, дератизация саласындағы нормативтік құқықтық актілер. Дезинфекция, деконтаминация және стерилизацияның жалпы принциптері мен әдістері. Дезинфекцияның түрлері (ошақтық және профилактикалық, ағымдағы, қорытынды) және дезинфекциялық іс-шаралардың тәсілдері (механикалық, физикалық, химиялық, биологиялық). Дезинфекциялық заттардың микроорганизмдерге әсер ету механизмі. Дезинфекцияның тиімділігіне әсер ететін факторлар. Эпидемияға қарсы және профилактикалық іс-шаралар кешеніндегі</p>

Пәннің мазмұны

дезинфекцияның орны мен рөлі. Қызметкерлерді оқыту. Автоклавтар, стерилизаторлар, жұмыс ережелері және қауіпсіздік. Стерилизацияны бақылау. Пероксидті газбен бу стерилизациясы. Дезинфекцияның заманауи инженерлік-техникалық шаралары. Химиялық топ бойынша дезинфекциялық құралдардың жіктелуі, дезинфекциялық құралдардың әрекет ету принциптері. Тері антисептиктері. Дезинфекциялық ерітінділерді дайындау ережесі. Микроорганизмдердің вегетативтік және споралық дақылдары кезінде дезинфекциялау құралдарын колдану. Көліктегі дезинфекциялық іс-шаралар. Дезинфекциялау құралдарымен улану кезінде алғашқы көмек көрсету. Дезинфекциялық заттарды сақтау. Дезинфекциялық, дератизациялық және дезинсекциялық жұмыстардың барлық түрлері кезінде ЖҚҚ пайдалану. Кеміргіштермен күресудің құралдары мен әдістері. Дератизация. Кенттік және далалық дезинсекция. Химиялық заттарды - инсектицидтерді колдану. Дезинфекция құралдарын, инсектицидтер мен зооцидтерді медициналық мақсатта қолданудың экологиялық аспектілері. Дезинсекциялық және дератизациялық жұмыстарды жүргізу кезінде биоқауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Оқыту нәтижелері

Дезинфекция, дезинсекция, дератизация саласындағы нормативтік құқықтық актілерді біледі. Дезинфекция, деконтаминация және стерилизацияның жалпы принциптері мен әдістерін біледі. Дезинфекцияның түрлерін (ошактық және профилактикалық, ағымдағы, қорытынды) және дезинфекциялық іс-шаралардың тәсілдерін (механикалық, физикалық, химиялық, биологиялық) біледі. Дезинфекциялық заттардың микроорганизмдерге әсер ету механизмін біледі. Дезинфекцияның тиімділігіне әсер ететін факторлар туралы біледі. Эпидемияға қарсы және профилактикалық іс-шаралар кешеніндегі дезинфекцияның орны мен рөлі туралы біледі. Қызметкерлерді оқыту дағдыларын менгерген. Автоклавтар, стерилизаторлар, жұмыс ережелері және қауіпсіздік туралы біледі. Стерилизацияны бақылау туралы біледі. Пероксидті газбен бу стерилизациясы туралы біледі. Дезинфекцияның заманауи инженерлік-техникалық шараларын біледі. Химиялық топ бойынша дезинфекциялау құралдарының жіктелуін, дезинфекциялау құралдарының әрекет ету принциптерін біледі. Тері антисептиктері туралы біледі. Дезинфекциялық ерітінділерді дайындау ережелерін біледі. Микроорганизмдердің вегетативтік және споралық культураларында дезинфекциялық құралдардың қолданылуын біледі. Көліктегі дезинфекциялық шараларды біледі. Дезинфекциялау құралдарымен

	<p>улану кезінде алғашқы көмек көрсету білімдері бар. Дезинфекциялық құралдардың сақталуын біледі. Дезинфекциялық, дератизациялық және дезинсекциялық жұмыстардың барлық түрлері кезінде ЖҚҚ пайдалану білімдеріне ие.</p> <p>Кеміргіштермен құресудің құралдары мен әдістері туралы біледі. Дератизация білімін менгерген. Кенттік және далалық дезинсекция туралы біледі. Химиялық құралдар-инсектицидтерді пайдалану бойынша білімі бар. Дезинфекция құралдарын, инсектицидтер мен зооцидтерді медициналық мақсатта қолданудың экологиялық аспектілері туралы біледі. Дезинсекциялық және дератизациялық жұмыстарды жүргізу кезінде биоқауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша білімін менгерген.</p>
Пәннің атауы	Инфекциялық бақылау
Пәннің мазмұны	<p>Медициналық көмек көрсетумен байланысты инфекциялар (бұдан әрі - МҚҚБИ). Медициналық үйымдарды аймақтарға бөлу. МҚҚБИ-ның профилактикасы бойынша нормативтік және заңнамалық құжаттар. Емдеу-профилактикалық үйымдарының санитариялық-дезинфекциялық режимі. Медициналық құралдарды, киім-кешекті және медициналық қалдықтарды өндөу, кәдеге жарату кезеңдері. МҚҚБИ-ның негізгі қоздырыштары және берілу жолдары. Эндогендік инфекция. Госпитальдық жағдайларды эпидемиялық процесс. Көп бейінді стационарлардағы МҚҚБИ-ның құрылымы. Инфекциялық бақылау бағдарламаларын үйымдастыру. МҚҚБИ-ның профилактикасы бойынша мейіргер қызметінің үйымдастыруышылық және әдістемелік негіздері. Қауіпсіз қоқыс жәшігін пайдалану мәселелері.</p>
Оқыту нәтижелері	<p>МҚҚБИ туралы, медициналық үйымдарды аймақтарға бөлу, емдеу-профилактикалық үйымдарының санитариялық-дезинфекциялық режимі туралы білімді менгерген. МҚҚБИ-ның профилактикасы бойынша нормативтік және заңнамалық құжаттарды біледі. Медициналық құралдарды, киім-кешекті және медициналық қалдықтарды өндөу, кәдеге жарату кезеңдерін біледі . МҚҚБИ-ның негізгі қоздырыштары мен берілу жолдарын біледі. Эндогендік инфекция туралы біледі. Госпитальдық жағдайларда эпидемиялық процесті біледі. Көпбейінді стационарлардағы МҚҚБИ-ның құрылымы туралы біледі. Инфекциялық бақылау бағдарламаларын үйымдастыруды біледі. МҚҚБИ-ның профилактикасы бойынша мейіргер қызметінің үйымдастыруышылық және әдістемелік негіздерін біледі. Қауіпсіз кәдеге жарату қорабын пайдалану мәселелері бойынша білімді менгерген.</p>

Пәннің атаяуы	Технологиялардың географиялық ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі - ГАЖ) негіздері
Пәннің мазмұны	<p>Ақпараттық технологиялар туралы жалпы түсінік. ГАЖ туралы түсінік. Визуализация мүмкіндігі-деректерге жаңа көзқарастың арқасында жаңа ақпарат алу. ГАЖ-да жұмыс істеудің географиялық әдісінің мүмкіндіктері. Мәліметтер базасы-белгілі бір жоба үшін мәліметтер базасын құру шеберлігі. Салыстырмалы, сандық немесе жинақталған ақпаратты көрсететін карта үшін база құру. Деректер базасы және дерекқорды басқару жүйелері. Кеңістіктік ақпаратты өңдеу және мәліметтер базасымен жұмыс. ГАЖ-га кіріспе-акпаратты визуализациялау туралы түсінік, жұмыстың географиялық әдісі. Деректерді құру және жаңарту, нәтижелерді ұсыну, картографиялық қосымшаларды әзірлеу. ArcMap-пен танысу, географиялық объектілермен жұмыс істеу. Кестелермен, стильдермен және символдармен жұмыс. Қабаттар, мәліметтер шеңбері және мазмұн кестесі. Жаңа карта жасау. Деректер түрінде орналасу түрінде карталармен жұмыс істеудің айырмашылығы. Карта қабаттарын басқару. Карталарды құрастыру, сақтау және экспорттау. ГАЖ карталарын жасау.</p>
Оқыту нәтижелері	<p>Кеңістіктік ақпаратты өңдеу және мәліметтер базасымен жұмыс істеу дағдыларын менгерген. Ақпаратты визуализациялау, жұмыстың географиялық әдісі туралы біледі. Деректерді жасайды және жаңартады. Нәтижелерді ұсыну және картографиялық қосымшаларды әзірлеу дағдыларын менгерген. ArcMap-пен жұмыс істеу дағдыларын менгерген. Кестелермен, стильдермен және символдармен жұмыс істейді. Жаңа карта жасайды. Карта қабаттарын басқару туралы біледі. Карталарды құрастыру, сақтау және экспорттау дағдыларын менгерген. ГАЖ картасын жасау.</p>
Пәннің атаяуы	Қауіпті патогендермен қауіпсіз жұмыс
Пәннің мазмұны	<p>Биологиялық агенттермен және инфекциялық материалмен жұмыс істеу кезіндегі тиісті микробиологиялық практика және рәсімдер. Патогендігі I-II топтардағы және III-IV топтардағы микроорганизмдермен жұмыс істеу кезіндегі ұлттық талаптар (оның ішінде рұқсат беру құжаттары, биоқауіпсіздік бағдарламасы, практикалық әдістер мен техника, патогендерді және (немесе) материалдарды есепке алу және қозғалысы, құжаттамаға қойылатын талаптар, СОР әзірлеу және орындау). Зертханалық инфрақұрылымға және үй-жайларды аймақтарға бөлуге қойылатын талаптар. Зертхананы физикалық қорғау. А, Б, В, Г сыныптарындағы медициналық қалдықтарды жинауга, таңбалалауга, буып-туюге,</p>

	<p>зарарсыздандыруға және кәдеге жаратуға қойылатын талаптар. Инфекциялық материалды тасымалдау қағидалары. ЖҚҚ. Биологиялық тәуекелдерді басқару жүйесі. Биологиялық тәуекелдерді азайту бойынша инженерлік-техникалық, әкімшілік және үйымдастыру іс-шаралары, тиісті микробиологиялық практика, ЖҚҚ пайдалану. Маманға, биоқауіпсіздік жөніндегі жергілікті комитетке қойылатын талаптар.</p>
Оқыту нәтижелері	<p>Биологиялық агенттермен және инфекциялық материалмен жұмыс істеу кезінде тиісті микробиологиялық практика мен рәсімдерді біледі. Патогендігі I-IV топтардағы микроорганизмдермен жұмыс істеу үшін зертханаларға қойылатын ұлттық талаптарды біледі. А, Б, В, Г сыныптарындағы медициналық қалдықтарды кәдеге жаратуға қойылатын талаптарды біледі, биологиялық тәуекелдерді басқару жүйесін біледі және практикада қолдана алады. Ишкі аудитті және биоқауіпсіздік жөніндегі персоналдың құзыреттілігін бағалауды қалай жүргізу керектігін біледі. Биоқауіпсіздік мәселелері жөніндегі қызметкерлерді қалай дайындау керектігін біледі. Инфекциялық материалды тасымалдау ережелерін біледі. ЖҚҚ түрлерін біледі. Маманға және биоқауіпсіздік жөніндегі жергілікті комитетке қойылатын талаптарды біледі.</p>
Пәннің атаяуы	<p>Аса қауіпті вирустық инфекциялар, эпидемиология, зертханалық диагностика, биоқауіпсіздік</p>
Пәннің мазмұны	<p>Аса қауіпті вирустық инфекциялардың қоздырғыштары болып табылатын вирустар туралы жалпы мәліметтер, олардың қазіргі жағдайдағы адамның инфекциялық патологиясындағы мәні, эпидемиология, эпизоотология, вирустық және риккетсиоздық этиологияның трансмиссивті инфекцияларының эпидемиологиялық қадағалауы және профилактикасы. Вирустардың қасиеттері, морфологиясы, көбеюі, вирустың негізгі жасушамен әрекеттесуі. Вирустық аурулардың берілу тетіктері. Вирустық инфекцияларды диагностикалау әдістері. Өлемде, Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдерінде және Қазақстан Республикасында геморрагиялық қызбалардың географиялық таралуы және сырқаттанушылық. Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы. Бүйрек синдромы бар геморрагиялық қызба. Маймыл шешегі. Кене энцефалиті. Боррелиоз . Эпизоотиялық процестің негізгі тетіктері мен факторлары. Тасымалдаушылар мен тасымалдаушылардың саны мен белсенділігі.</p>
	<p>Аса қауіпті вирустық инфекциялардың эпидемиологиясын, эпизоотологиясын, эпидемиологиялық қадағалауын және</p>

